

# ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР

**М. Әуезов атындағы ОҚУ-дің «Саясаттану» кафедрасының ұжымы философия ғылымдарының кандидаты Қорғанова Саипжамал Сұлтанқызын 60 жастық мерейтойымен құттықтайды.**

Саипжамал Сұлтанқызы кафедраның қалыптасуы мен дамуына, қазақтандық саясаттанушылардың жаңа буынының қалыптасуына орасан зор үлес қосты. Сонымен қатар, университет қабырғасында ол халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бірнеше түлекті тәрбиелеп шығарды. Олар бүгінде жетекші мемлекеттік органдар мен мекемелерде, елдегі ірі компаниялар мен халықаралық ұйымдардың сыртқы саясатын қалыптастыру мәселелері бойынша табысты қызмет атқаруда.

Ғалым ретіндегі үлкен тәжірибесі мен жоғары кәсібилігі, университеттің

халықаралық байланыстарын қалыптастырудағы белсенді әрекеттері Саида Сұлтанқызының кафедра мен факультеттегі әріптестерінің арасындағы беделді, университеттің ғылыми ортасында абыройлы болуына себепкер болды.

Саипжамал Сұлтанқызы ұйымдастырушылық және ғылыми-педагогикалық еңбегі үшін университет және облыс деңгейінде бірнеше рет марапатталды. Олардың арасында ОҚО маслихатының «Орасан зор үлесі мен белсенді өмірлік ұстанымы, аймақтағы тұрақтылықты нығайтудағы қоғамдық-саяси өмірге қатысқаны үшін» мадақта-

ма қағазы, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Аймақтың дамуына қосқан үлесі үшін» медалін атауға болады. 2020 жылдың желтоқсан айында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтан «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл» медалімен марапатталған.

Үнемі шығармашылық және ғылыми ізденісте болу, білім саласында инновациялық тәсілдерді қолдануға назар аудару сияқты басты ерекшеліктерін Саипжамал Сұлтанқызы 2018-2019 оқу жылдарында ҚХР-ның Далянь шет тілдер университеті жанындағы Қазақтанды зерттеу Орталығында қызмет атқарғанда көрсете білді.

Құрметті Саипжамал Сұлтанқызы! Сізге және сіздің отбасыңызға бақыт пен береке тілей отырып, өзіңізге деген шын жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыз! Үнемі ғылым мен педагогикалық қызмет саласында жаңа шығармашылық табыстарға жетіп, талмай қызмет ете беріңіз!

**М. Әуезов атындағы ОҚУ-дің «Саясаттану» кафедрасының ұжымы**